



Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

по безопасности и охране труда

№ 3 (123) 2021

- Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар өзгертілді. Тізімге тағы бір жұмыс түрі қосылып, жаңа талаптар қойылды
- Кешенді экологиялық рұқсат беру қағидалары түзетілді. Құжат мұндай рұқсаттарды кім, қашан және неге ала алатындығын анықтауға көмектеседі
- Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы заңда да өзгерістер бар. Қысқаша шолу нақты не өзгергенін жылдам бағдарлауға және сақтандырушыларда қандай қосымша құқық пайда болғанын білуге көмектеседі
- Изменили требования к юридическим лицам, аттестуемым на проведение работ в области промышленной безопасности. В перечень добавили ещё один вид работ и установили новые требования
- Скорректировали Правила выдачи комплексного экологического разрешения. Документ поможет разобраться, кто, когда и зачем может получать такие разрешения
- Изменения есть и в законе об обязательном страховании работника от несчастных случаев. Краткий обзор поможет быстрее сориентироваться в том, что именно изменилось, и узнать, какое дополнительное право появилось у страховщиков

Электронная система
«ACTUALIS: Кадровое дело»

Получите демо-доступ **БЕСПЛАТНО**
на сайте www.vip-kadry.mcfr.kz

НОВОЕ в электронной системе:

- Может ли работодатель уволить работников, которые не явились на аттестацию?



*Мерекелеріңізбен!
Спраздниками!*

ISSN 1996-2053



9 771996 205007

Получите годовой
доступ к справочной системе

«ACTUALIS: Кадровое дело»

тариф VIP
по специальной цене

**ДЕМО-ДОСТУП
БЕСПЛАТНО
на 3 дня**

Период действия акции:
с 1 по 31 марта 2021 года, <https://vip-kadry.mcfr.kz/>

Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казахстан»
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова
Редакция тематического направления
«Охрана труда, кадры и делопроизводство»:

Руководитель тематического направления –
С. Е. Сергеев

email: otk@mcfr.kz

Главный редактор – С. А. Крафт
Литературный редактор текстов
на казахском языке – Ж. К. Ахметжанова
Руководитель отдела верстки – А. Х. Дербесова

Адрес редакции: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 117)

e-mail: otk@mcfr.kz

www.kadry.mcfr.kz

Отдел маркетинга

Ведущий бренд-менеджер – С. Талгатов

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 135)

email: bm2@mcfr.kz

Отдел адресной подписки и сбыта

тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13

e-mail: sbyt@mcfr.kz, info@mcfr.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Д. А. Тойчибеков

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)

email: sb1@mcfr.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Г. Е. Жантеева

email: support@mcfr.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 129)

Подписку можно оформить:

- по online-заявке – www.kadry.mcfr.kz

- в редакции в отделе адресной подписки

- по каталогам (подписной индекс – **74315**)

- «Казпочта»: почтовые отделения

- «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87

- «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 233-76-19

Свидетельство о постановке на учет СМИ
№ 10771-Ж от 11.03.2010 г. выдано Комитетом
информации и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан.

Мнение редакции может не совпадать
с мнением авторов.

*Перепечатка материалов, опубликованных
в журнале, допускается только с письменного
согласия редакции.*

*Представленные тексты нормативных право-
вых актов идентичны
официально опубликованным версиям.*

Редакция не несет ответственности
за содержание рекламных материалов.

PR-материал публикуется на правах рекламы.

Претензии по опубликованной рекламе прини-
маются в течение 10 календарных
дней со дня выхода номера.

ТОО «МЦФЭР–Казахстан».

Юридический адрес: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712.

© ТОО «МЦФЭР–Казахстан», 2021

Уважаемые читатели!

Обо всех проблемах, связанных с доставкой журнала,
вы можете сообщать по e-mail: sbyt@mcfr.kz,
info@mcfr.kz или по тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13



МЦФЭР–Казахстан

№ 3 (123) 2021

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ

Журнал издается с 2011 года
Периодичность – 1 раз в месяц

по безопасности и охране труда

**«Еңбек қауіпсіздігі
және еңбекті қорғау
жөніндегі нормативтік
актілер» журналының
редакциялық кеңесі:**

**Редакционный совет
журнала
«Нормативные акты
по безопасности и охране
труда»:**

Беккер

Владимир Робертович,
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
Төтенше жағдайлар
жөніндегі комитетінің
төрағасы

Беккер

Владимир Робертович,
председатель Комитета по
чрезвычайным ситуациям
Министерства внутренних
дел Республики Казахстан

Сәдуақасов

Нұрқан Олжабайұлы,
Қазақстан Республика-
сы Денсаулық сақтау
министрлігінің Тауар-
лар мен көрсетілген
қызметтердің сапасы
мен қауіпсіздігін бақылау
комитеті төрағасының
орынбасары

Садвакасов

Нуркан Олжабаевич,
заместитель председателя
Комитета контроля качес-
тва и безопасности това-
ров и услуг Министерства
здравоохранения Респу-
блики Казахстан

Құнанбаев

Нұрбек Сейітқамзаұлы
«Серіктес» апаттан
құтқару қызметі» ЖШС-нің
директоры

Кунанбаев

Нурбек Сейткамзинович,
директор ТОО «Аварийно-
спасательная служба
«Серіктес»



НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, еңбек заңнамасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, әлеуметтік және міндетті сақтандыру, халықты әлеуметтік қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мамандарға арналған кәсіптік басылым

МАЗМҰНЫ**МАМАННАН СҰРАҢЫЗ**

Өрт-техникалық минимумға және еңбекті қорғауға оқыту және сертификаттар беру

3**ЗАҢНАМАҒА ШОЛУ**

Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы заңда не өзгерді

6

Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларындағы негізгі өзгерістер

7**ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК**

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

11**ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІ**

Кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындарды айқындау қағидалары

18**САНИТАРИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ГИГИЕНАЛЫҚ НОРМАТИВТЕР**

2021 жылы санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды қалай жүргізу керек

21**ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ**

Кешенді экологиялық рұқсатты беру қағидалары және кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп объектілері үлгілерінің тізбесі

31

Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің 2021 жылға арналған ұлттық жоспары

40**НОРМАТИВНЫЕ АКТЫ****по безопасности и охране труда**

Профессиональное издание для специалистов в сфере безопасности и охраны труда, охраны окружающей среды, трудового законодательства, промышленной и пожарной безопасности, социального и обязательного страхования, санитарно-эпидемиологического благополучия и социальной защиты населения

СОДЕРЖАНИЕ**СПРОСИТЕ СПЕЦИАЛИСТА**

Обучение пожарно-техническому минимуму и охране труда и выдача сертификатов

50**ОБЗОР ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА**

Что изменилось в законе об обязательном страховании работника от несчастных случаев

53

Ключевые изменения в Правилах аттестации персонала, занятого на объектах использования атомной энергии

54**ПРОМЫШЛЕННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ**

Требования, предъявляемые к юридическим лицам, аттестуемым на проведение работ в области промышленной безопасности

58**ЭЛЕКТРИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ**

Правила определения затрат на технологическое присоединение электрических установок с установленной мощностью до 200 кВт субъектов предпринимательства к электрическим сетям энергопередающих организаций

65**САНИТАРНЫЕ ПРАВИЛА И ГИГИЕНИЧЕСКИЕ НОРМАТИВЫ**

Как проводить санитарно-противоэпидемические мероприятия в 2021 году

68**ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ**

Правила выдачи комплексных экологических разрешений и перечень типов промышленных объектов, для которых возможно получение комплексных экологических разрешений

78

Национальный план распределения квот на выбросы парниковых газов на 2021 год

87

Өрт-техникалық минимумға және еңбекті қорғауға оқыту және сертификаттар беру

Біз өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған аттестат негізінде: өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу, өнеркәсіптік қауіпсіздікке сараптама жүргізу, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі берген қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын әзірлеу – өрт-техникалық минимумына оқыта және оның хаттамаларын, еңбекті қорғау жөніндегі сертификат пен хаттаманы бере аламыз ба?



Жауап береді: Әшіров А. А., еңбекті қорғау және еңбек қатынастары мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшы, «ACTUALIS: Кадрлық іс» электрондық жүйесінің сарапшысы

«Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңы 1-бабының 51) тармақшасына сәйкес (*бұдан әрі мәтін бойынша – Азаматтық қорғау туралы заң*), **өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына арналған аттестат** – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган беретін, заңды тұлғаның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды орындау құқығын куәландыратын құжат.

Азаматтық қорғау туралы заңның 1-бабының 50) және 57) тармақшаларына сәйкес:

- **өнеркәсіптік қауіпсіздік** – жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалу жай-күйі;
- **өрт қауіпсіздігі** – адамдардың, мүліктің, қоғам мен мемлекеттің өрттерден қорғалу жай-күйі.

Ұйымдарда қызметкерлерді оқыту өртке қарсы нұсқама және өрт-техникалық минимум түрінде жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығымен бекітілген Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидалары және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптардың (*бұдан әрі мәтін бойынша – ӨҚ шараларына оқыту қағидалары*) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

ӨҚ шараларына оқыту қағидаларының 30-тармағына сәйкес өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша оқытуды оқу орталықтарында оқудан өткен, ұйым басшысы немесе өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адам тікелей ұйымда жүргізеді.

ӨҚ шараларына оқыту қағидаларының 32-тармағына сәйкес **өндірістен қол үзіп**, өрт-техникалық минимумын оқыту аяқталғаннан кейін құрамын оқу орталықтарының басшысы белгілейтін кемінде үш адамнан құрылған біліктілік комиссиясы өрт қауіпсіздігі



талаптарын білуін тексеруді, бейне тіркеу құралдарын пайдалана отырып жүргізеді. Өндірістен қол үзбей өрт-техникалық минимумын оқытуды аяқтаған жұмыскерлердің білімін тексеруді өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі саласындағы білімін тексеру бойынша біліктілік куәлігін бермей, қызмет қажеттілігіне қарай, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты жұмыскерді қоса алғанда ұйым жұмыскерлері құрамынан тұратын комиссия жүзеге асырады.

ӨҚ шараларына оқыту қағидаларының 34 және 35-тармақтарына сәйкес:

- емтихан соңында тестілеудің және (немесе) ауызша емтиханның нәтижелері бойынша құрастырылған ӨҚ шараларына оқыту қағидаларына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт-техникалық минимумы көлемінде өрт қауіпсіздігі бойынша білімдерді тексеру жөніндегі біліктілік комиссиясы отырысының хаттамасына біліктілік комиссиясының мүшелері қол қояды;
- емтихандарды ойдағыдай тапсырған адамдарға ӨҚ шараларына оқыту қағидаларына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу орталығы басшысының қолы қойылған өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі саласындағы білімін тексеру бойынша біліктілік куәлігі беріледі.

Азаматтық қорғау туралы заңның 79-бабының 2-тармағына сәйкес қауіпті өндірістік объектілердің, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілердегі жұмысқа тартылатын аттестатталған ұйымдардың, жобалау ұйымдары мен өзге де ұйымдардың мамандарын, жұмыскерлерін оқыту және білімін тексеру (емтихандар) **өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау құқығын беретін аттестаты болған кезде** қауіпті өндірістік объектінің немесе **оқу ұйымының** оқу орталығында жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м. а. 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 186 бұйрығымен бекітілген «Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының 2-тармағына сәйкес заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы келесі жұмыс түрлерін орындауға заңды тұлғаның құқықтылығын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның ресми тануы мақсатында жүзеге асырылады:

- 1) өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу;
- 2) **өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау;**
- 3) жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу;
- 4) қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу;
- 5) газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;
- 6) лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүгедектерге арналған көтергіштерді монтаждауды, оларға техникалық қызмет көрсетуді, оларды техникалық диагностикалауды, техникалық куәландыруды және жөндеуді жүргізу құқығына аттестатталуға жатады.

Баяндалғанның негізінде және ӨҚ шараларын оқыту қағидалары өндірістен қол үзе отырып өрт-техникалық минимумын оқыту жөніндегі оқу орталықтарына қандай

да бір жекелеген талаптарды белгілемейтінін ескере отырып, бірақ бұл ретте өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына, оның ішінде оқу орталықтарындағы білім алушылар үшін өрт-техникалық минимумын оқытудың оқу бағдарламаларына (өндірістен қол үзе отырып) қойылатын талаптарды белгілейтінін ескере отырып, ұйым онда өрт қауіпсіздігі, **өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыскерлерді өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына, оның ішінде өрт-техникалық минимумға оқытудың оқу бағдарламаларына Қағидалармен қойылатын талаптарды міндетті түрде орындаған кезде** өрт-техникалық минимум бағдарламалары бойынша оқытуды жүзеге асыра алады.

Бұл ретте, егер сөз мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру туралы болса, онда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 926 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандандырылған оқу орталықтарына қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің мамандарын арнайы даярлау жөніндегі оқыту курстарының бағдарламасын – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 қаңтардағы № 48 бұйрығына 1-қосымшасын басшылыққа алған жөн.


Және соңғысы, жоғарыда аталған барлық нормативтік құқықтық актілердің талаптарымен мұқият танысуға кеңес береміз.



**Арнайы
жағдайларда
жазылуға
үлгеріңіз**

«ACTUALIS: Кадрлық іс» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – бұл нарықта теңдесі жоқ, күн сайын жаңартылатын, көп функциялы анықтамалық-сараптамалық жүйе, кадр қызметінің қызметкерлеріне, еңбекті қорғау жөніндегі мамандарға, іс қағаздарын жүргізушілерге кешенді ақпараттық-құқықтық көмек көрсетуге арналған, оған қолжетімділік Интернет арқылы тәулігіне 24 сағат бойы онлайн-режимде жүзеге асырылады.



**ТЕГІН ІШІНАРА
ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ**
www.vip-kadry.mcfr.kz
сайтында алуға
болады

ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ-ндегі барлық ақпарат екі: мемлекеттік және орыс тілінде берілген.

«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – БҰЛ:

- кез келген кадрлық құжаттаманы дайындау кезіндегі ақпаратшы және көмекші;
- сарапшылардың әр түрлі жағдайлар бойынша түсіндірмелері;
- кадрлық қызметті ұйымдастыруға арналған қажетті құжаттардың үлгілері мен мысалдары;
- тұрақты жаңартылатын нормативтік база;
- қойылған сұрақтарға осы саладағы сарапшылардан өз уақытында жауап алу мүмкіндігі.

Жазылуды
8 (727) 323-62-12/13/29 (ішкі 137) телефоны
немесе e-mail: callcentr@mcfr.kz
бойынша ресімдеуге болады



Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы заңда не өзгерді

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 19 желтоқсандағы № 386-VI Заңы

«Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізілді:

1. 9-баптың 1-тармағы жаңа тармақшамен толықтырылды:

2-1) *ақпаратты экономикалық қызмет түрлерін штаттық кестеге немесе сақтанушы беретін және (немесе) сақтандырушы сұрататын өзге де ақпаратқа сәйкес кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызудың сәйкестігі тұрғысынан тексеруге.*

9-бап сақтандырушының құқықтары мен міндеттерін реттейді. Бұл жағдайда сақтандырушының қосымша құқығы пайда болды. Енді ол ақпаратты экономикалық қызмет түрлерін штаттық кестеге немесе сақтанушы беретін және (немесе) сақтандырушы сұрататын өзге де ақпаратқа сәйкес кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызудың сәйкестігі тұрғысынан тексеруге құқылы.

2. 11-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай сөйлеммен толықтырылды:

Сақтандырушы өтінішке қосымша сақтанушы мәлімдеген экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызудың дұрыстығын тексеру үшін штаттық кестені немесе өзге де ақпаратты беруді талап етуге құқылы.

11-бап қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартына, оның ішінде оны жасасу бойынша талаптарды белгілейді. Естеріңізге сала кетейік, мұндай келісім жазбаша түрде жасалады. Сақтанушының өтініші оны жасасу үшін негіз болып табылады. Енді сақтандырушы сақтанушы мәлімдеген экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызудың дұрыстығын тексеру үшін өтінішке қосымша штат кестесін немесе өзге де ақпаратты ұсынуды талап етуге құқылы.

3. 17-баптың 3-тармағы үшінші бөлікпен толықтырылды. Жалпы 17-бап сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтауға және оны қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша төлеу тәртібіне арналған. Осы баптың 3-тармағы экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызуға қатысты.

Енгізілген толықтыру, егер ол жіберуші тарап ретінде персоналды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт шеңберінде қызметті жүзеге асырса, сақтанушы кәсіптік тәуекел сыныбы бойынша экономикалық қызметтің қандай түріне жататынын нақтылайды. Толықтыруды негізге ала отырып, мұндай сақтанушы қабылдаушы тараптың кәсіптік тәуекел сыныбынан төмен емес кәсіптік тәуекел сыныбы немесе оның ең жоғары кәсіптік тәуекел сыныбы бар экономикалық қызмет түріне жатады.

Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларындағы негізгі өзгерістер

«Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 12 бұйрығы (2021.21.01 берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларына (бұдан әрі мәтін бойынша – *Қағидалар*) бірқатар елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021.21.01 № 21 бұйрығы). Өзгерістер 2021 жылғы 18 ақпанда күшіне енді. Қағидаларда, атап айтқанда не өзгергенін қарастырайық.

Мүдделер қақтығысы жағдайы реттелді

Толықтырулар **Қағидалардың 6-тармағына** енгізілді. Естеріңізге сала кетейік, осы тармақта атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттаудан өткізуге арналған комиссия (бұдан әрі мәтін бойынша – *комиссия*) туралы сөз болып отыр. Аттестаттауды өткізу үшін көрсетілетін қызметті берушінің бірінші басшысы өз бұйрығымен комиссия құрамын және ол туралы ережені бекітеді.

Комиссияның құрамына көрсетілетін қызметті берушінің бірінші басшысының жетекшілік ететін орынбасары мен көрсетілетін қызметті беруші құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері енгізіледі. Комиссия мүшелерінің саны тақ, кемінде бес адам болуға тиіс. Хатшы комиссияның мүшесі болып табылмайды және оның дауыс беру құқығы жоқ. Сондай-ақ аттестаттау кезінде әңгімелесу сатысында комиссия отырысына:

- қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар);
- коммерциялық ұйымдардың;
- саяси партиялардың бақылаушы – өкілдерді шақырылады.

Сондай-ақ, бақылаушылар ретінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік бақылау жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлерін шақырады. Бұл ретте бақылаушылардың дауыс беру құқығы жоқ.

Жаңа. Толықтыру комиссия мүшелерінің бірінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайды реттейді. Мұндай жағдайда ол бұл туралы комиссияның қалған мүшелерін хабардар етуге міндетті. Ол мұны әңгімелесу өткізгенге дейін жазбаша нысанда жасауы керек. Егер комиссия мүшелері туындаған мүдделер қақтығысы туралы хабарламаны немесе ол туралы ақпаратты басқа көздерден алған болса, олар тиісті шараларды уақтылы қабылдауға тиіс:

1) мүдделер қақтығысы туындаған комиссия мүшесін комиссия жұмысына қатысудан шеттетеді. Мүдделер қақтығысы туындаған комиссия мүшесін шеттету туралы шешімді комиссия ашық дауыс беру жолымен көпшілік даусымен жазбаша нысанда қабылдайды. Ол мүдделер



қақтығысы туындаған комиссия мүшесінің қатысуымен жария етіледі. Дауыстар саны тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады;

2) **күнтізбелік бір күн ішінде** – комиссия құрамының өзара алмасуы жөніндегі бұйрыққа сәйкес комиссия құрамын қайта қарайды.

Аттестаттауға өтініш берудің қағаз форматы алынып тасталды

Қағидалардың 11-тармағына өзгерістер енгізілді. Аттестаттаудан өту үшін аттестатталатын тұлға көрсетілетін қызметті берушіге тиісті өтініш жіберуі тиіс.

Бұрын мұны екі жолдың бірімен жасауға болатын: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы; 2) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы – www.egov.kz.

Енді өтінішті «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ғана жіберуге болады. Яғни, өтініш енді тек электронды түрде беріледі. Өтініш нысаны өзгерген жоқ. Ол Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген. Сондай-ақ, аттестатталатын адам өтінішпен бірге көрсетілетін қызметті алушыны қызметке тағайындау туралы бұйрығы мен лауазымдық нұсқаулығының **электрондық** көшірмесін (*бұдан әрі мәтін бойынша – құжаттар*) жолдайды.

Өтініш беру нысанының тек электрондық түрде белгіленіп, оны көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы беру мүмкіндігі алынып тасталғаны **Қағидалардың 13-тармағында** да көрініс тапты. **Бұрын** өтініштің көшірмесінде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі қағаз түрінде қабылданғанын растау болып табылған. Егер өтініш электронды түрде берілсе, онда мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімді қабылдау туралы мәртебе «жеке кабинетке» жіберілетін. **Енді**, өтініш берудің қағаз нысанын алып тастағандықтан, өтініштің қабылданғанын растаудың бір ғана тәсілі қалды: «жеке кабинетке» мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімнің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Құжаттарды қараудан бас тарту үшін негіз қосылды

Егер аттестатталатын адам құжаттар топтамасын толық ұсынбаса, бұл өтінішті одан әрі қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады. Бірақ **бас тартудың жаңа негізі** пайда болды: егер қызмет алушы мерзімі өткен құжаттарды ұсынатын болса.

Ұсынылған құжаттардың қолданылу мерзімі бойынша шарт **Қағидалардың 15-тармағында** айтылған. **Бұрын** көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде олардың толықтығын ғана тексеруге міндетті болатын. **Енді** құжаттардың толықтығынан басқа, ол олардың қолданылу мерзімін де тексеруі тиіс.

Сондай-ақ, 15-тармақтан дәлелді бас тарту еркін нысанда ұсынылуы мүмкін деген шарт алынып тасталды. Бұл өтініш қағаз түрінде берілген кезде мүмкін болды. Тек электронды форматқа көшу кезінде бұл норманың қажеттілігі жойылды. **Қағидалардың 16-тармағына** да осындай өзгеріс енгізілді – қағаз өтініш беру кезінде дәлелді бас тарту нысанын ескертетін бөлік алып тасталды. Бірақ бұл Қағидалардың 16-тармағындағы жалғыз өзгеріс емес. Осы тармақтағы толықтыруларды толығырақ қарастырамыз.

Қағидалардың 16-тармағының бірінші бөлігі өзгерді. Оған қолданылу мерзімі өткен құжаттардың болмауы бойынша шарт қосылды:

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 1 (бір) жұмыс күні ішінде оларды қарастырады, тестілеуден өту күні, уақыты және орны туралы хабарламаны немесе осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай негіздер бойынша:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталса;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмесе;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылса, мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Тестілеу және әңгімелесу барысын тіркеу туралы норма қосылды

Сондай-ақ, 16-тармақта **тестілеу және әңгімелесу барысын тіркеу туралы** шарт пайда болды. Тестілеу мен әңгімелесудің барысы техникалық жазба құралдарының көмегімен тіркеледі. Техникалық жазба құралдарының көмегімен тіркелген материалдар аттестаттау өткізген сәттен бастап **бір жыл ішінде комиссия хатшысында сақталады.**

Нәтижелеріне шағымдану тәртібі туралы тарау жаңа редакцияда ұсынылды

Аттестаттау нәтижелеріне шағымдану тәртібін реттейтін **Қағидалардың 3-тарауы** да өзгерді. Естеріңізге сала кетейік, егер аттестатталушы адам тестілеу немесе әңгімелесу нәтижелерімен келіспесе, ол оларға шағымдануға құқылы. Мұны өту күні жасау керек. Ол үшін тестілеу немесе әңгімелесу нәтижелерін қайта қарау туралы өтініш беру қажет. Өтініш нысаны Қағидаларға 8-қосымшада белгіленген.

Тестілеу немесе әңгімелесу нәтижелерін қайта қарау туралы өтінішті қарау үшін көрсетілетін қызметті берушінің бірінші басшысының бұйрығымен тестілеу немесе әңгімелесу нәтижелерін қайта қарау туралы өтінішті қарау жөніндегі апелляциялық комиссияның құрамы және ережесі бекітіледі. Апелляциялық комиссия көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің комиссияның құрамына кірмейтін қызметкерлерінен тұрады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің саны тақ болып табылады және кемінде үш адамды құрайды (Қағидалардың 20-тармағы).

Жаңа. Қағидалардың 20-тармағына мүдделер қақтығысын реттеу бойынша норма қосылды. Бұл норма комиссия жағдайындағыдай міндеттемелерді реттейді. Яғни, апелляциялық комиссиясының мүдделер қақтығысы туындаған мүшесі тестілеу немесе



әңгімелесу нәтижелерін қайта қарау туралы өтінішті қарағанға дейін қалған апелляциялық комиссия мүшелерін туындаған мүдделер қақтығысы туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. Апелляциялық комиссияның қалған мүшелері оны апелляциялық комиссияның жұмысына қатысудан шеттетеді.

Шеттету туралы шешімді апелляциялық комиссия ашық дауыс беру жолымен көпшілік даусымен жазбаша нысанда қабылдайды және ол мүдделер қақтығысы туындаған апелляциялық комиссия мүшесінің қатысуымен жария етіледі. Дауыстар саны тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссия құрамы **күнтізбелік бір күн ішінде** комиссия құрамының өзара алмасуы жөніндегі бұйрыққа сәйкес қайта қаралады.

Сондай-ақ **апелляциялық комиссия отырысының барысы** енді техникалық жазба құралдарының көмегімен тіркеледі. Олардың көмегімен тіркелген материалдар апелляциялық комиссия отырысынан бастап бір жыл ішінде апелляциялық комиссия хатшысында сақталады. Мұндай толықтыру **Қағидалардың 21-тармағына** енгізілді.

Тестілеу немесе әңгімелесу нәтижелерін қайта қарау туралы өтінішті қарау қорытындысы бойынша апелляциялық комиссия шешім шығарады, ол хаттама түрінде ресімделеді. Хаттаманың нысаны Қағидаларға 9-қосымшада белгіленген. **Бұрын** хаттаманың түпнұсқасы апелляциядан кейін көрсетілетін қызметті алушыға берілетін, ал көшірмесі көрсетілетін қызметті берушіде сақталатын. **Енді** хаттама көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы жіберіледі (Қағидалардың 22-тармағы).

Қағидалардың 23-тармағына көрсетілетін қызметті берушінің немесе оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне **шағым беру нысаны туралы толықтыру енгізілді**. Мұндай шағымды мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға береді. Шағымды **жазбаша, ауызша нысанда не электрондық құжат, бейнеконференц-байланыс, бейнеөтініш нысанында** беруге болады. Сондай-ақ **Қағидалардың 23-тармағының** екінші бөлігіне **Қағидалардың алдыңғы редакциясының 26-тармағының** «жеке кабинетте» жүгіну туралы ақпараттың қолжетімділігі туралы нормасы көшірілді.

Алдыңғы редакциядағы **Қағидалардың 24 және 25-тармақтары** шағымдарды қарау мерзімдерін қарастырды. Бұл тармақтар бір – **24-тармаққа** біріктірілді:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Қағидалардың алдыңғы редакциясының 27-тармағының нөмірленуі өзгертілді. Енді бұл **25-тармақ**. Онда «Келіспеген жағдайларда» сөзі «Келіспеген жағдайда» сөзіне өзгертілді, бірақ норма өзгеріссіз қалды: егер көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті беруші шешімінің нәтижелерімен келіспесе, ол нәтижелерге сот тәртібімен шағымдана алады.

Осы шолуда біз қарастырмаған Қағидалардың барлық басқа өзгерістері грамматикалық және стилистикалық сипаттағы түзетулерге қатысты. Жаңа редакциядағы Қағидалармен сіз «Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларының жаңартылған редакциясы» мақаласында таныса аласыз.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

«Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м. а. 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 299 бұйрығы (2021.06.01 өзгерістермен және толықтырулармен)

Күшіне енді: 2021.02.02

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 16) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге заңды тұлғаларды аттестаттау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстардың мынадай түрлерін орындауға заңды тұлғаның құқылығын ресми тануы мақсатында жүргізіледі:

- 1) өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу;
- 2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау;
- 3) жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу;
- 4) қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу;
- 5) газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;
- 6) лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүгедектерге арналған көтергіштерді монтаждау, оларға техникалық қызмет көрсету, оларды техникалық диагностикалау, техникалық куәландыру және жөндеуді жүргізу.

2-тарау. Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу құқығына аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

3. Мыналарға:

- қауіпті техникалық құрылғыларға;
- қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларға, техникалық құрылғыларға, материалдарға (құрылыс материалдарын қоспағанда);
- қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларына;



- қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарына, технологиялық құрылыстарына;
- заңды тұлғалардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат алуы кезінде мәлімделген жұмыс түрлеріне, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу құқығына үміткер заңды тұлғаның:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу үшін қажетті нормативтік құқықтық актілері, нормативтік техникалық құжаттары, оқу-әдістемелік материалдары;

2) технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізуге арналған меншік құқығындағы немесе өзге заңдық негіздегі материалдық-техникалық жарақталуы (сертификатталған аспаптар, өлшеу және бақылау құралдары);

3) тұрақты жұмысқа ресімделген, жоғары техникалық білімі және өнеркәсіптің тиісті саласындағы қауіпті өндірістік объектілерде бес жылдан астам практикалық жұмыс тәжірибесі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында, оның ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында тәуекелді бағалау бойынша даярлаудан және білімін тексеруден өткен кемінде үш маманы;

4) мамандар және меншік құқығындағы немесе өзге заңдық негіздегі бұзбай бақылау зертханасы болуы тиіс.

4. Қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарына, технологиялық құрылыстарына өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу құқығына үміткер заңды тұлғаның осы Талаптардың 4-тармағында белгіленген талаптарға қосымша:

1) меншік құқығындағы немесе өзге заңдық негіздегі ғимараттар (құрылыстар) параметрлерінің жай-күйін анықтау жөніндегі диагностикалық аппаратурасы, фотожабдығы, навигациялық аспаптары, тахеометрлері, өлшеу аспаптары, ғимараттардың (құрылыстардың) конструкциялық элементтеріне қол жеткізу құрал-саймандары; сандық геофизикалық станциясы, зерттеулер деректерін өңдеуге арналған компьютерлік жарақталуы;

2) тұрақты жұмысқа ресімделген, инженер-құрылысшы (инженер-геолог) біліктілігі бойынша жоғары техникалық білімі және өнеркәсіптің құрылыс саласындағы қауіпті өндірістік объектілерде бес жылдан астам практикалық жұмыс тәжірибесі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында даярлаудан және білімін тексеруден өткен кемінде үш маман болуы тиіс.

5. Өзге де заңды тұлғалардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестат алуы кезінде мәлімделген жұмыс түрлеріне және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу құқығына үміткер заңды тұлғаның осы Талаптардың 4-тармағында белгіленген талаптарға қосымша:

1) өнеркәсіптің және қызмет түрінің мәлімделген саласында қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізудің кемінде бес жылдық тәжірибесі;

2) тұрақты жұмысқа ресімделген, жоғары техникалық білімі және өнеркәсіптің және қызмет түрінің мәлімделген саласындағы қауіпті өндірістік объектілерде он жылдан астам практикалық жұмыс тәжірибесі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында, оның ішінде тәуекел менеджменті саласындағы халықаралық және мемлекеттік стандарттар

(ИСО 31000-2010 ҚР СТ) бойынша даярлаудан және білімін тексеруден өткен кемінде үш маман болуы тиіс.

3-тарау. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау құқығына аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

6. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандар мен жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау құқығына үміткер заңды тұлғаның:

- 1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандарды, жұмыскерлерді даярлауға, қайта даярлауға арналған нормативтік құқықтық актілері, нормативтік техникалық құжаттары, оқу-әдістемелік материалдары, құралдары;
- 2) әрбір оқыту түрі бойынша оқу жұмыс жоспарлары және оқу бағдарламалары;
- 3) оқыту сапасын бақылауды ұйымдастыру жүйесі;
- 4) компьютерлік техникамен, көрнекі құралдармен жарақталған меншік құқығындағы немесе өзге заңдық негіздегі оқу сыныптары (аудиториялары), оқушылардың өндірістік практикасына арналған базасы;
- 5) оқу ұйымының штатына кіретін кәсіби оқытушылары және (немесе) тиісті жоғары техникалық білімі бар мамандары болуы тиіс.

4-тарау. Жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу құқығына аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

7. Жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу құқығына үміткер заңды тұлғаның:

- 1) тұрақты жұмысқа ресімделген, жоғары техникалық білімі және жарылыс жұмыстарында бес жылдан астам практикалық жұмыс тәжірибесі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында оқытудан және білімін тексеруден өткен кемінде үш маманы;
- 2) жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізуге арналған сертификатталған аспаптармен, өлшеу және бақылау құралдарымен жарақталған меншік құқығындағы немесе өзге заңдық негіздегі материалдық базасы;
- 3) жарылғыш заттарға сынақтар жүргізуге арналған меншік құқығындағы немесе өзге заңдық негіздегі полигоны болуы тиіс.

5-тарау. Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу құқығына аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

8. Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын әзірлеу құқығына үміткер заңды тұлғаның:

- 1) тұрақты жұмысқа ресімделген, жоғары техникалық білімі, декларацияланатын объектілерде кемінде бес жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында даярлаудан және білімін тексеруден өткен кемінде үш маманы;
- 2) өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын әзірлеу кезінде қауіпті өндірістік факторлардың зақымдаушы әсерінің есептемелерін жүргізуге арналған меншік құқығындағы немесе шарттық негіздегі материалдық базасы болуы, техникалық жарақталуы тиіс.



6-тарау. Газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу құқығына аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

9. Газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсету (газ пайдаланатын жабдықты диагностикалау, куәландыру) жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына үміткер заңды тұлғаның:

1) тұрақты жұмысқа ресімделген, тиісті техникалық білімі және газбен жабдықтау объектілерінде кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар, газбен жарақтау жүйесінің объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздік, қысыммен жұмыс істейтін жабдықты қауіпсіз пайдалану саласында, газ қауіпті жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу бойынша оқытудан және білімін тексеруден өткен кемінде бес маманы;

2) газбен жарақтау жүйелеріне тексеру, техникалық құрылғыларды, материалдарды пайдаланудың қалдық мерзімін анықтау бойынша есептемелер жүргізу және газбен жарақтау жүйелерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу әдістемесі;

3) меншік құқығындағы немесе өзге заңдық негіздегі өндірістік ғимараттар мен жабдықтары (цех, шеберхана), станок паркі, механизмдері, құрал-саймандары, бақылау-өлшеу аспаптары;

4) мыналарды:

- көрсетілетін қызметтер сапасын өндірістік бақылауды;
- метрологиялық бақылауды (бақылау-өлшеу аспаптарын жөндеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі мамандар, бұзбай бақылау әдістерінің мамандары мен аспаптары) қамтамасыз ететін қызметі болуы тиіс.

7-тарау. Лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүгедектерге арналған көтергіштерді монтаждау, оларға техникалық қызмет көрсету, оларды техникалық диагностикалау, техникалық куәландыру және жөндеуді жүргізу құқығына аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар

10. Бір немесе бірнеше қауіпті техникалық құрылғыларды (эскалаторлар, лифтілер, траволаторлар, сондай-ақ мүгедектерге (мүмкіндігі шектеулі адамдарға) арналған көтергіштер және (немесе) диспетчерлік бақылау жүйесіне арналған жабдықтар) монтаждау жұмыстарын жүргізу құқығына үміткер заңды тұлғада мыналар бар:

1) жоғары техникалық білімі бар кемінде бір маман (немесе жоғары білімі және осы саладағы еңбек өтілі бес жылдан кем емес бір маман) және орта техникалық білімі бар екі маман немесе жоғары техникалық білімі бар екі маман (немесе жоғары білімі және осы саладағы еңбек өтілі бес жылдан кем емес екі маман);

2) жоғары техникалық білімі бар жұмыскерлер үшін екі жылдан кем емес; орта техникалық білімі бар жұмыскерлер үшін – үш жылдан кем емес жұмыс өтілі;

Ескертпе:

Мәлімделген жұмыскерлердің жалпы санынан кем дегенде бір жұмыскердің көтергіш құрылыстардың (лифтілер, эскалаторлар, траволаторлар және мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған көтергіштер) құрылыс құрылымдарын монтаждау бойынша жұмыстарды

атқарған құрылымдық бөлімше басшысының лауазымында жұмыс тәжірибесі бар және осы лауазымда кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар.

Мәлімделгендердің ішінен жұмыскерлер өтініш берушінің штатында ресімделген (еңбек шартымен расталады, жұмыскердің біліктілігі білімі туралы дипломның көшірмесімен расталады).

Қоса атқару бойынша ресімделген жұмыскер өтінімге енгізілген кезде еңбек шартының көшірмесі немесе негізгі жұмыс орнынан жұмыс берушімен расталған еңбек кітапшасының көшірмесі ұсынылады.

3) меншік құқығына немесе өзге де заңды негізге жататын өндірістік үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстар;

4) монтаждау жұмыстарын жүргізуге қажетті құрылыс механизмдері, көлік құралдары, технологиялық жарақтау құралдары, қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары, бақылау және өлшеу құралдары:

- жұмыстарды орындауға арналған құралдар, механизмдер мен құрылғылар (дәнекерлеу аппараты, монтаждау шығыры, жүк қапсыру құрылғылары, слесарлық құрал-сайман, биіктіктегі жұмыстарды жүргізуге арналған жеке қорғаныс құралдары);

5) заңды тұлғада орындалатын монтаждау жұмыстарының сапасын қамтамасыз ету үшін ішкі құжаттардың болуы;

6) заңды тұлғада мамандар мен жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау жөніндегі мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың болуы;

7) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығымен бекітілген Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10332 болып тіркелген) сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларын қамтамасыз ету бөлігінде жұмыскерлердің біліктілігі мен кәсіби сәйкестігі деңгейін анықтау тәртібін белгілейтін құжаттардың болуы тиіс.

11. Бір немесе бірнеше қауіпті техникалық құрылғыларды (эскалаторлар, лифтілер, траволаторлар, сондай-ақ мүгедектерге (мүмкіндігі шектеулі адамдарға) арналған көтергіштер және (немесе) диспетчерлік бақылау жүйесіне арналған жабдықтар) жөндеу және (немесе) техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу құқығына үміткер заңды тұлғада мыналар бар:

1) жоғары техникалық білімі бар кемінде бір маман немесе жоғары білімі бар және осы саладағы жұмыс өтілі бес жылдан кем емес бір маман;

2) орта техникалық білімі бар кемінде бір маман;

3) жоғары техникалық білімі бар жұмыскерлер үшін екі жылдан кем емес үздіксіз жұмыс өтілі;

4) орта техникалық кәсіптік білімі бар жұмыскерлер үшін жұмыс өтілі – кемінде үш жыл үздіксіз еңбек өтілі.

Ескертпе:

Жұмыскерлердің жалпы еңбек өтілі ішінде жүк көтергіш механизмдері, лифтілер, эскалаторлар, траволаторлар және мүгедектерге (мүмкіндігі шектеулі адамдарға) арналған



көтергіштер аясында құрылыс-монтаждау, іске қосу-жөндеу жұмыстары саласындағы мамандығы бойынша жұмыс өтілі қарастырылады.

Мәлімделген жұмыскерлердің жалпы санынан бір қызметкер жүк көтергіш механизмдерін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы лауазымында жұмыс тәжірибесі бар және осы лауазымда кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар.

Мәлімделгендердің ішінен жұмыскерлер өтініш берушінің штатында ресімделген (еңбек шартымен расталады, жұмыскердің біліктілігі білімі туралы дипломның көшірмесімен расталады).

Қоса атқару бойынша ресімделген жұмыскер өтінімге енгізілген кезде еңбек шартының көшірмесі немесе негізгі жұмыс орнынан жұмыс берушімен расталған еңбек кітапшасының көшірмесі ұсынылады.

5) меншік құқығына немесе өзге де заңды негізге жататын өндірістік үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстар;

6) техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізуге қажетті механизмдер, көлік құралдары, технологиялық жарақтау құралдары, қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары, бақылау және өлшеу құралдары:

- тиісті жұмыс түрлерін орындауға арналған құралдар, механизмдер мен құрылғылар (монтаждау шығыры, слесарлық құрал-сайман, бақылау-өлшеу аспаптарының жинағы, биіктіктегі жұмыстарды жүргізуге арналған жеке қорғаныс құралдары);

7) авариялық-диспетчерлік қызметтің болуы:

- мамандарға еңбек шарттары және бұйрықтар (екі электр механиктен кем емес);
- меншік құқығындағы немесе жалға алу шарты бойынша көлік құралы;
- меншік құқығындағы немесе жалға алу шарты бойынша диспетчерлік бақылау пункті;

8) заңды тұлғада техникалық қызмет көрсету және (немесе) жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін техникалық құжаттардың болуы;

9) заңды тұлғада мамандар мен жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау жөніндегі мамандандырылған ұйыммен жасалған шарттың болуы;

10) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығымен бекітілген Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10332 болып тіркелген) сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларын қамтамасыз ету бөлігінде жұмыскерлердің біліктілігі мен кәсіби сәйкестігі деңгейін анықтау тәртібін белгілейтін құжаттардың болуы тиіс.

12. Бір немесе бірнеше қауіпті техникалық құрылғыларды (эскалаторлар, лифтілер, траволаторлар, сондай-ақ мүгедектерге (мүмкіндігі шектеулі адамдарға) арналған көтергіштер) техникалық диагностикалау, техникалық куәландыру жұмыстарын жүргізу құқығына үміткер заңды тұлғада мыналар бар:

1) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 117-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін Қазақстан Республикасының кәсіби стандартының

талаптарына сәйкестігіне даярлықтан өткен алтыншы деңгейлі кемінде бір маман, бесінші деңгейлі кемінде бір маман;

Ескертпе:

Қоса атқару бойынша ресімделген жұмыскер өтінімге енгізілген кезде еңбек шартының көшірмесі немесе негізгі жұмыс орнынан жұмыс берушінің мөрімен расталған еңбек кітапшасының көшірмесі ұсынылады. Жұмыскердің біліктілігі білімі туралы дипломның көшірмесімен расталады.

2) алтыншы деңгейдегі мәлімделген мамандардың жүк көтергіш механизмдерді, эскалаторларды, траволаторларды, мүгедектерге (мүмкіндігі шектеулі адамдарға) арналған көтергіштерді монтаждаумен және пайдаланумен байланысты жұмыстарды атқаратын құрылыс саласындағы құрылымдық бөлімшелердің басшылары лауазымында жұмыс тәжірибесі бар және осы лауазымда кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар;

Бесінші деңгейдің мәлімделген мамандары өздерінің еңбек қызметін жүк көтергіш механизмдермен, эскалаторлармен, траволаторлармен, мүгедектерге (мүмкіндігі шектеулі адамдарға) арналған көтергіштермен байланысты жүзеге асырады және осы лауазымда кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар.

3) меншік құқығына немесе өзге де заңды негізге жататын өндірістік үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстар;

4) технологиялық жарақтау құралдары, қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары, лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды және мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған көтергіштерді техникалық куәландыру жұмыстарын жүргізуге қажетті құралдар:

- бақылау сынақ жүктері;
- бағыттаушыларды бақылауға арналған құрылғылар;
- динамометриялық кілт;
- бақылау-өлшеу аспаптарының жинағы;
- жеке қорғану құралдары;

5) техникалық құрылғының түрі мен типіне байланысты зауыт әзірлеушінің техникалық құжаттамасының болуы;

6) заңды тұлғада жұмыскерлердің кәсіби дайындығы жүйесінің, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығымен бекітілген Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10332 болып тіркелген) сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларын қамтамасыз ету бөлігінде жұмыскерлердің біліктілігі және кәсіби сәйкестігі деңгейін анықтау тәртібін көздейтін және белгілейтін құжаттардың болуы тиіс.



Кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындарды айқындау қағидалары

«Кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындарды айқындау қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығы

Күшіне енді: 2021.29.01

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт-қа дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындарды айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 7-4) тармақшасына сәйкес әзірленді және кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындарды айқындау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өтініш беруші – белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғылары бар кәсіпкерлік субъектісі.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және электр энергетикасы салаларындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындарды айқындау тәртібі

3. Өтініш беруші Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № 327 бұйрығымен бекітілген Энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 21269 болып тіркелген) (бұдан әрі – Технологиялық қосылу қағидалары) сәйкес энергия беруші ұйымға кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымның электр желілеріне технологиялық қосуға өтініш (бұдан әрі – Өтініш) береді.

4. Энергия беруші ұйым технологиялық қосылу қағидаларының 6-тармағында көзделген өтініш беруші ұсынған құжаттар талаптарға сәйкес келген кезде 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өтініш берушіге осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосуға негізделген шығындардың қорытындысын (бұдан әрі – Қорытынды) береді.

5. Белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі кәсіпкерлік субъектілерін электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындарды айқындау тәртібі мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) шығындар тізбесін айқындау;
- 2) шығыстар баптарын бекіту.

6. Белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі кәсіпкерлік субъектілерін электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындарды айқындау кезінде шығындар осы Қағидалардың талаптары ескеріле отырып қосылады. Шығыстар баптарын қалыптастыру «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі кәсіпкерлік субъектілерін электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындар тізбесі мынадай:

- 1) материалдық шығыстардан;
- 2) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;
- 3) техникалық қадағалау;
- 4) авторлық қадағалау;
- 5) өндірістік жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу;
- 6) құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған шығыстардан;
- 7) материалдарды өндірушіден жұмыс орнына дейін тасымалдау шығындары;
- 8) құрылыс машиналарын пайдалануға арналған шығындар, оның ішінде құрылыс машиналары мен тетіктерін басқарумен және оларға қызмет көрсетумен айналысатын жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу шығыстарынан тұрады.

8. Белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі кәсіпкерлік субъектілерін электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындар тізбесін айқындау кезінде өзіндік құнда қосу бойынша осы жұмысқа тікелей қатысты негіздеуші материалдармен расталған мынадай шығыстар ескеріледі:

1) электр желілерін салуға арналған жобалау құжаттамасында ескерілген материалдық шығыстар, оның ішінде сатып алынатын бұйымдар, жанар-жағармай материалдарына арналған шығыстар. Бұл ретте, шығындар тізбесінде көрсетілген материалдардың құны осы материалдарды өндірушінің құнынан аспайды;

2) бұл ретте, қолданыстағы заңнамада көзделген сатып алу рәсімдерін жүргізу арқылы өнім берушіден сатып алынған шығындар тізбесінде көрсетілген материалдардың құны,



оларды жеткізуге арналған ілеспе шығындарды ескере отырып, осы материалдарды өндірушінің құнынан, егер өндіруші Қазақстан Республикасының аумағында болмаса, осы материалдарды өндірушінің өкілдігіндегі материалдардың құнынан аспайды;

3) техникалық және авторлық қадағалау, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Техникалық және авторлық қадағалауға, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге арналған шығыстар жұмыстардың жоспарланған көлеміне сәйкес және тиісті нарық жұмыстарының бағалары туралы мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ресми статистикалық ақпараты негізінде айқындалады;

4) шығындар тізбесінде жұмысшылар мен желілік персонал тікелей құрылыс жұмыстарымен айналысатын бригадалардың (учаскелердің) жұмыскерлерінің құрамына қосылған кезде оны қоса алғанда, өндірістік жұмысшылардың, сондай-ақ жұмыс аймағы шегінде және объект маңындағы қоймадан монтаждау орнына дейін материалдар мен жабдықтардың орнын ауыстыруды жүзеге асыратын жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар көрсетіледі.

Құрылыс машиналары мен тетіктерді басқарумен және оларға қызмет көрсетумен айналысатын жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу шығындары құрылыс машиналарын пайдалануға арналған шығындардың құрамына қосылады.

Қорытындыда көрсетілген қажетті жұмыстардың тізбесінде қосалқы өндірістер, ұйымның қызмет көрсететін шаруашылықтары жұмысшыларының, күрделі емес жұмыстармен (уақытша ғимараттар мен құрылыстар салу бойынша жұмыстарды қоса алғанда) және үстеме шығыстар есебінен жүзеге асырылатын басқа да жұмыстармен айналысатын жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу, сондай-ақ материалдарды объект маңындағы қоймада көлік құралдарына тиеуді қоса алғанда, оларды тиеумен, түсірумен және объект маңындағы қоймаға дейін жеткізумен айналысатын жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу көрсетілмейді.

Мамандардың жалақысын есептеу жұмысқа тартылған мамандардың нақты санын ескере отырып жүзеге асырылады және энергия беруші ұйымның орташа айлық жалақысының мөлшерінен аспайды, сондай-ақ жұмыс берушінің қаражаты есебінен төленетін салықтарды, жарналар мен жалақыдан аударымдарды қамтиды.

9. Қорытындыда келтірілген кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне технологиялық қосуға арналған шығындар сомасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_z = S_m + S_r + S_t,$$

мұнда:

S_z – белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғыларын технологиялық қосуға арналған шығындар сомасы, теңге;

S_m – барлық материалдар құнының сомасы, теңге;

S_r – барлық жұмыстар құнының сомасы, теңге.

S_t – эскизді және эскиздік жобаны келісу мемлекеттік көрсетілетін қызметіне арналған шығындар сомасы.

2021 жылы санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды қалай жүргізу керек

«Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығы

Күшіне енді: 2020.06.07

Жалғасы. Басы № 9, 10, 11, 12 сандарда, 2020; 1, 2 сандарда, 2021

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
10-қосымша

«Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына
7-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде қызмет көрсету (сұлулық салондары, шаштараз (алдын ала жазылу бойынша), химиялық тазалау, кір жуу орындары, ұйымдастыру техникасын жөндеу) саласындағы объектілердің қызметіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1. Қызмет көрсету саласы объектілерінің жұмысын қайта бастауға санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, мынадай жағдайларды қамтамасыз етілген кезде жол беріледі:

1) Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген жеке қорғаныш құралдарының (арнайы киім, медициналық маскалар), дезинфекциялау және жуу заттарының, қолды өңдеуге арналған антисептиктердің азаймайтын қорының болуы;

2) санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау (температураны өлшеу, персоналға нұсқау беру, қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқаулық жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау);

3) профилактикалық тексеру, жөндеу, оның ішінде сүзгілерді ауыстыру, ауа өткізгіштерді дезинфекциялау жүргізу арқылы желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмысы, желдету режимін қамтамасыз ету және сақтау;



4) персонал арасында жеке/өндірістік гигиена қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы нұсқаулық және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау;

5) ұйымға кіреберісте дене температурасын байланыссыз немесе байланыс тәсілімен (электрондық, инфрақызыл термометрлер, тасымалды тепловизорлар) өлшеуге арналған аппараттарды қолдана отырып, персоналдың дене температурасын бақылау, ЖРВИ және тұмау симптомдары бар персоналды жұмыстан шеттету мақсатында респираторлық аурулар симптомдарының бар-жоғын тексеру, ал COVID-19 жоққа шығармайтын симптомдары (құрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алудың қиындауы, енгігу және т. б.) бар адамдар үшін оқшаулауды және жедел жәрдемді шұғыл шақыруды қамтамасыз ету;

6) жұмыс орындарында және келушілер үшін қолды өңдеуге арналған санитайзерлерді орнату, телефондар мен басқа да заттарды өңдеуге арналған персонал мен клиенттер үшін сулықтар қорының болуы;

7) жұмыс күні ішінде қолғаптарды (әрбір клиенттен кейін оларды ауыстыру шартымен), медициналық маскаларды (әрбір 2 сағат сайын оларды ауыстыру шартымен) пайдалану;

8) жұмыс үй-жайларында бактерицидті шамдарды (келушілер мен персонал болмаған жағдайда пайдаланылады) және (немесе) ауаны рециркуляторларды (адамдардың қатысуымен пайдаланылады) ауаны тұрақты зарарсыздандыру мақсатында қолдану;

9) жұмыс орындарының арасында кемінде 2 метр қашықтықты мүлтіксіз сақтау, оңтайлы жұмыс аймақтарының шекараларын белгілеуді қамтамасыз ету;

10) тек маска киген келушілерді кіргізу;

11) жүргізілген/алынған қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін барынша жағдай жасау (карталар, телефондағы қосымша).

2. Объект басшылығы клиенттер жиналатын «күту аймағын» болдырмай, алдын ала жазылу бойынша жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, келуші (клиент) мен қызметкер (сұлулық салоны мен шаштараздан басқа) арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтауды барынша қамтамасыз етеді, персоналдың клиенттермен тікелей байланыстарын барынша азайтады.

3. Өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды ылғалды жинау есіктің тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, сүйеніштерді, байланыс беткейлерін (қызметкерлердің үстелдерін, орындықтарын, ұйымдастыру техникасын), жалпы пайдаланылатын орындарды (киім ілетін орындар, тамақ ішетін, демалатын бөлмелер, санитариялық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, ауысымда кемінде 2 рет вирулицидті әсер ететін құралдармен дезинфекциялай отырып жүргізіледі.

Беткейлерді өңдеу дезинфекциялау ерітіндісіне батырылған шүберекпен сүрту тәсілімен немесе дезинфекциялау ерітіндісін тозаңдату арқылы сулау тәсілімен жүргізіледі.

4. Жұмыс орнында дайындалатын дезинфекциялау ерітінділерін құралдың атауы, ерітіндінің концентрациясы және оның дайындалған күні көрсетілген таңбасы бар сыйымдылықтарда сақтау керек.

Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген дезинфекциялау ерітінділері оның дезинфекциялау құралын қолдану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес берілген концентрацияға сәйкес дайындалады.

5. Техникалық персонал (тазалаушылар) жеке қорғаныш құралдарын: халат, қолғап, медициналық маска пайдалана отырып, дезинфекциялау іс-шараларын жүргізеді.

6. Жинау мүкәммалын (шелектер, щеткалар, шүберектер) пайдаланғаннан кейін жақсылап жуады және арнайы бөлінген орындарда сақтайды.

7. Пайдаланылған медициналық маскалар (оның ішінде түшкіру, және жөтелу кезінде пайдаланылған сулықтар), бір рет қолданылатын жинау шүберегі пакеттерге жиналады және қалдықтарға арналған арнайы контейнерлерге салынады.

8. Қалдықтарды жинау, уақытша сақтау, шығару және залалсыздандыру мамандандырылған ұйымдармен келісім шарт бойынша жүргізіледі.

9. Персоналды тамақ ішуі белгіленген орындарда жүргізіледі, тамақ ішетін бөлме болмаған жағдайда дезинфекциялау құралдарының көмегімен жинауды қамтамасыз ете отырып, осы мақсаттар үшін аймақтар бөледі.

10. Химиялық тазалау және кір жуу орындарында: лас киім-кешекті шығару және клиенттің үйіне таза киім-кешекті жеткізу барынша қамтамасыз етіледі, жоғарыда көрсетілген тәсілмен қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда, олар мен қызметкердің арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып үй-жайда бір мезетте маскада екі клиенттен артық емес болуы, персоналдың клиенттермен тікелей байланыстарын барынша азайту қамтамасыз етіледі.

11. Сұлулық салондарында, шаштараздарда:

1) оңтайлы жұмыс аймақтарының шекаралары белгіленген креслолар арасында кемінде 2 метр қашықтықты сақтау;

2) персоналдың әр келушіге арналған құралдарды өңдеу қағидаларын қатаң сақтауы;

3) шаштарға арналған бигуди, қысқыштар, қалпақтар мен торларды жуу құралдарымен ағынды сумен әр клиенттен кейін ағынды сумен өңдеу;

4) қырқылған шашты жабық қалаққа тікелей креслолардың жанында қақпағы бар ыдыстарға жинау, одан әрі дезинфекциялау ерітіндісімен бүрку арқылы сулау тәсілімен кәдеге жарату;

5) әрбір клиенттен кейін жұмыс орнын қосымша өңдеу қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
11-қосымша

«Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына
8-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде халыққа қызмет көрсету (типографиялық қызмет көрсететін объектілер, тігін ательесі, аяқ киім шеберханалары, аяқ киім, киім жөндеу сервисі) бойынша объектілердің және өзге де объектілердің қызметіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1. Халыққа қызмет көрсету объектілерінің жұмысын қайта бастауға санитариялық-



эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, мынадай жағдайлар қамтамасыз етілген кезде жол беріледі:

1) Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген қорғаныш құралдарының (арнайы киім, медициналық маскалар), дезинфекциялау және жуу заттарының, қолды өңдеуге арналған антисептиктердің азаймайтын қорын қамтамасыз ету;

2) санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау (температураны өлшеу, персоналға нұсқама беру, қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау);

3) қызметкерлер арасында жеке/өндірістік гигиена ережелерін сақтау қажеттілігі туралы нұсқама беру және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау;

4) байланыссыз немесе байланыс тәсілімен (электрондық, инфрақызыл термометрлер, тасымалды тепловизорлар) дене температурасын өлшеуге арналған аппараттарды қолдана отырып, ұйымға кіру кезінде қызметкерлердің дене температурасын бақылау, қызметкерлерді ЖРВИ және тұмау симптомдарымен жұмыстан шеттету мақсатында респираторлық аурулар симптомдарының бар-жоғын тексеру, ал COVID-19 (құрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алудың қиындауы, енгігу және т. б.) жоққа шығармайтын симптомдары бар адамдар үшін оқшаулауды және жедел жәрдемді дереу шақыруды қамтамасыз ету;

5) жұмыс орындарында және келушілер үшін қолды өңдеуге арналған санитайзерлерді орнату, қызметкерлер мен клиенттер үшін телефондар мен басқа да заттарды өңдеуге арналған қорының болуы;

6) тек маска киген келушілерге ғана киюге рұқсат беру;

7) қолғаптарды, медициналық маскаларды жұмыс күні ішінде оларды уақтылы ауыстыру шартымен пайдалану (әрбір 2 сағат сайын);

8) оңтайлы жұмыс аймақтарының шекараларын белгілей отырып, жұмыс орындарының арасында кемінде 2 метр қашықтықты мүлтіксіз сақтау;

9) желдету режимін қамтамасыз ету және сақтау;

10) жүргізілген/алынған қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін барынша жағдай жасау (карталар, телефондағы қосымша).

2. Объектінің басшылығы клиенттер жиналатын «күту аймағын» алып тастай отырып, алдын ала жазу бойынша жұмысты ұйымдастыруды, келуші (Клиент) мен қызметкер арасындағы әлеуметтік қашықтықты барынша қамтамасыз етуді, персоналдың клиенттермен тікелей байланыстарын барынша азайтуды қамтамасыз етеді.

3. Өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды ылғалды жинау есіктің тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, сүйеніштерді, байланыс үстін (қызметкерлердің үстелдерін, орындықтарын), жалпы пайдаланылатын орындарды (гардеробтар, тамақ ішетін, демалатын бөлмелер, санитарлық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, ауысымда кемінде 2 рет вирусицидті әсер ететін құралдармен жүргізіледі.

Үстіңгі беттерді өңдеу дезинфекциялау ерітіндісіне батырылған шүберекпен сүрту тәсілімен немесе дезинфекциялау ерітіндісін тозаңдату арқылы суару тәсілімен жүргізіледі.

4. Техникалық персонал (тазалаушылар) жеке қорғану құралдарын: халат, қолғап, медициналық маска пайдалана отырып, дезинфекциялық іс-шараларды жүргізеді.

5. Пайдаланылған медициналық маскалар (оның ішінде түшкіру және жөтелу кезінде пайдаланылған салфеткалар), бір рет қолданылатын жинау шүберегін пакеттерге жинайды және қалдықтарға арналған арнайы контейнерлерге тастайды.

6. Қалдықтарды жинау, уақытша сақтау, шығару және залалсыздандыру мамандандырылған ұйымдармен шарт бойынша жүргізіледі.

7. Персоналдың жұмыс орындарында тамақ ішуіне, тамақ ішетін бөлме болмаған жағдайда, дезинфекциялау құралдарының көмегімен жинауды қамтамасыз ете отырып, осы мақсаттар үшін аймақ бөлуді көздеуге жол берілмейді.

8. Объектіде персонал мен келушілердің белгіленген ережелерді сақтауына және персоналмен күнделікті нұсқама өткізуге жауапты тұлға тағайындалады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
12-қосымша

«Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына
9-қосымша

**Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде
халыққа тұру бойынша қызмет көрсету саласындағы объектілерге
(қонақүйлер, отельдер) қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

1. Объектіге қонақтарды жеткізу бойынша көлік қызметтерін көрсету кезінде көлік құралын жинау журналына белгі қоя отырып, вирусқа қарсы әсер ететін дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, көлік құралының салонын ылғалды жинау қамтамасыз етіледі.

2. Қонақүйлерде, отельдерде келушілердің қауіпсіздігі мақсатында:

1) кіреберістегі келушілердің дене температурасын бақылау (ресепшн, күзет пункті);

2) жүргізілген/алынған қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін барынша жағдай жасау (карталар, телефондағы қосымша) қамтамасыз етіледі.

3. Персоналдың қауіпсіздігі мақсатында:

1) персоналдың профилактикалық іс-шараларды сақтауы;

2) қызметкерлерді барынша қашықтан жұмыс форматына ауыстыр, қысқарту, өндірістік қажеттілікке байланысты жұмыс уақытын барынша қысқарту;

3) санитайзерлерді кіру және шығу кезінде пайдалану;

4) объектіге бір сәттік кіру 2 адамнан аспайды;

5) үй-жай ішіндегі адамдар арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтау;



6) маскалар болған кезде персоналға рұқсат беру;

7) кіру кезінде персоналдың температурасын өлшеу қамтамасыз етіледі.

4. Бөлімше басшылары мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) респираторлық инфекцияның кез келген белгілерімен (дене қызуының көтерілуі, жөтел, тамақ ауруы, тыныс алудың қиындауы), симптомдары, жоғары температура анықталған немесе пайда болған жағдайда персоналды жұмысқа жіберуді болдырмау, жедел медициналық жәрдем бригадасын шақыруды ұйымдастыру және жедел жәрдем келгенше осы қызметкерді оқшаулау;

2) персоналдың жұмысын ұйымдастыру кезінде әлеуметтік қашықтықты сақтауды қамтамасыз ету;

3) журналға белгі қоя отырып, жіті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау және басқа да вирустық ауруларға ерекше назар аудара отырып, қызметкерлердің жұмысқа шығуының күн сайынғы мониторингін жүргізу.

5. Нөмір қоры қызметінің бастығы қызметкерлердің ұялы телефондарын, гаджеттерді, компьютерлік техниканы, есік тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқалықтарын (креслолардың шынтақ қойғыштары), жиһаздарды, қол жууға арналған раковиналарды, терезе алды, есік ойықтарын, қосқыштар мен розеткаларды, лифт батырмаларын міндетті түрде өңдеу арқылы күнделікті ылғалды жинау және дезинфекциялау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді.

6. Дезинфекция үшін вирусқа қарсы тиімділігі бар (әдістемелік нұсқауларға немесе нұсқаулыққа сәйкес), белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен, оларға қоса берілген нұсқаулықты қатаң сақтай отырып, құралдар қолданылады.

Үй-жайларды және жабдықтардың жекелеген түрлерін (үстелдер, панельдер, есіктер, терезелер, еден) жуу және өңдеу үшін жеке шүберек көзделеді.

7. Дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділерін дайындау арнайы бөлінген орында жүзеге асырылады, қызмет берушінің ыдысында (қаптамасында) заттың атауы, оның мақсаты, заттаңбада жарамдылық мерзімі көрсетіле отырып сақталуы қажет. Ыдыстық затбелгі дезинфекциялау құралын сақтаудың (пайдаланудың) барлық кезеңінде сақталады.

8. Техникалық персонал (жинаушылар) дезинфекциялық іс-шараларды жеке қорғану құралдарын: униформа, қолғап, медициналық маска пайдалана отырып жүргізеді.

9. Жинау мүкәммалы (шелектер, щеткалар, шүберектер) пайдаланылғаннан кейін арнайы бөлінген орындарда сақталады.

10. Объектіде 15 минут ішінде күніне 2 реттен кем емес желдету режимі қамтамасыз етіледі.

11. Объектінің басшылығы мыналарды қамтамасыз етеді:

1) персоналдың жеке гигиенасын сақтауы үшін жағдайлар (санитариялық тораптардың жұмыс істеуі, жуу құралдарымен, санитарлармен, қағаз сүлгілермен қамтамасыз ету);

2) бір рет қолданылатын медициналық маскалар қорының (жұмыс ауысымының және маскаларды ауыстыру ұзақтығына қарай 3 сағатта кемінде 1 рет) немесе көп рет қолданылатын қорғану маскаларының (келесі қолдану алдында кейіннен жуу және термиялық өңдеу арқылы), сондай-ақ бір рет қолданылатын немесе көп рет қолданылатын қолғаптардың (ауысымына кемінде 2 рет ауыстыруға жататын және тұтастығы

бұзылған кезде), қолды өңдеуге арналған дезинфекциялайтын салфеткалар немесе тері антисептиктерінің болуы. Бір рет қолданылатын маскаларды қайта пайдалануды болдырмау. Пайдаланылған жеке қорғану құралдарын жинауды шығару үшін арнайы бөлінген орындарда пакеттерге өткізу, одан әрі қатты тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жарату;

3) көрінетін және қолжетімді жерлерге қолды өңдеуге арналған тері антисептиктерін орнату, коронавирустық инфекцияның профилактикалық бойынша жаднамалардың болуы;

4) келушілер көп жиналатын жерлерде (холлдар, залдар, мейрамхана) бактерицидті шамдарды (келушілер мен қызметкерлер болмаған жағдайда пайдалануға) және (немесе) ауаны рециркуляторларды (адамдардың қатысуымен пайдалануға рұқсат етіледі) ауаны тұрақты зарарсыздандыру мақсатында пайдалануға;

5) есептік қажеттілікке, өңдеу ауданы мен еселігіне қарай дезинфекциялау құралдарының төмендетілмейтін қорының болуы;

6) COVID-19 кезінде персоналды жеке гигиена ережелері бойынша мерзімді оқыту және қажетті шаралар мен іс-қимыл жоспарын іске асыру;

7) персоналдың жұмыс және демалыс аймақтарында қабырға дезинфекциялау құралдарын орнату.

12. Халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы шағын қонақүйлерде, хостелдерде, қонақүйлерде және басқа да объектілерде:

1) COVID-19 бойынша карантин кезінде персоналдың профилактикалық іс-шараларды сақтауы;

2) персоналдың санитерайзерлерді кіру және шығу кезінде пайдалануы;

3) персоналды жеке қорғану құралдары (маскалар) болған кезде кіргізу;

4) қызметкерлердің дене температурасын өлшеуге, жоғары температурада және ЖРВИ белгілері бар қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді, бұл туралы журналға тиісті белгілер қойылады;

5) қызметкерлердің ұялы телефондарын, гаджеттерді, компьютерлік техниканы, есік тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқалықтарын (креслолардың шынтақ қойғыштары), жиһаздарды, қол жууға арналған раковиналарды, терезе алды, есік ойықтарын, қосқыштар мен розеткаларды, лифт кнопкаларын міндетті түрде өңдеу арқылы күнделікті ылғалды жинау және дезинфекциялау жүргізу. Дезинфекциялау үшін вирусқа қарсы тиімділігі бар (әдістемелік нұсқауларға немесе нұсқаулыққа сәйкес), белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен, оларға қоса берілген нұсқаулықты қатаң сақтаған кезде құралдарды қолдану;

6) үй-жайларды және жабдықтардың жекелеген түрлерін (үстелдер, панельдер, есіктер, терезелер, еден) жуу және өңдеу үшін жеке шүберек көзделеді;

7) дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділерін дайындау арнайы бөлінген орында жүзеге асырылады, қызмет берушінің ыдысында (қаптамасында) заттың атауы, оның мақсаты, заттаңбада жарамдылық мерзімі көрсетіле отырып сақталуы қажет. Ыдыстық затбелгі дезинфекциялау құралын сақтаудың (пайдаланудың) барлық кезеңінде сақталады.



13. Объектінің басшылығы мыналарды қамтамасыз етеді:

1) персоналдың жеке гигиенасын сақтауы үшін жағдайлар (санитариялық тораптардың жұмыс істеуі, жуу құралдарымен, санитайзерлермен, қағаз сүлгілермен қамтамасыз ету);

2) бір рет қолданылатын медициналық маскалар қорының (жұмыс ауысымының және маскаларды ауыстыру ұзақтығына қарай 3 сағатта кемінде 1 рет) немесе көп рет қолданылатын қорғану маскаларының (келесі қолдану алдында кейіннен жуу және термиялық өңдеу арқылы), сондай-ақ бір рет қолданылатын немесе көп рет қолданылатын қолғаптардың (ауысымына кемінде 2 рет ауыстыруға жататын және тұтастығы бұзылған кезде), қолды өңдеуге арналған дезинфекциялайтын салфеткалар немесе тері антисептиктерінің болуы. Бір рет қолданылатын маскаларды қайта пайдалануды болдырмау. Пайдаланылған жеке қорғану құралдарын жинауды шығару үшін арнайы бөлінген орындарда пакеттерге өткізу, одан әрі қатты тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жарату;

3) көрінетін және қолжетімді жерлерге қолды өңдеуге арналған тері антисептиктерін орнату, коронавирустық инфекцияның профилактикасы бойынша жаднамалардың болуы;

4) есептік қажеттілікке, өңдеу ауданы мен еселігіне қарай дезинфекциялау құралдарының төмендетілмейтін қорының болуы;

6) қызметкерлерді жеке гигиена ережелері бойынша мерзімді оқыту және COVID-19 кезінде қажетті шаралар мен іс-қимыл жоспарын іске асыру.

14. Барлық объектілерде жұмыс процесін ұйымдастыру кезінде:

1) адамдар көп жиналатын жерлерде, жүріп-тұру қарқындылығы байқалатын ресепшен алдында, едендегі белгілер арқылы немесе шектеу тіректері арқылы орындарды белгілеу арқылы әлеуметтік қашықтықты сақтау;

2) іргелес аумақты тазалықта ұстау, қоқысты уақтылы шығаруды қамтамасыз ету, аптасына 1 рет «санитариялық» күн өткізу;

3) санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына жауапты адамды бекіту (температураны өлшеу, персоналға нұсқау беру, жеке қорғану құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқаулық жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, ды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау);

4) желдету жүйелері мен ауаны кондиционерлеу жүйелерінің профилактикалық тексеру жүргізумен үздіксіз жұмысы (фильтлерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды қоса алғанда), әрбір 2 сағат сайын желдету режимін сақтау;

5) егер келген кезде немесе қонақтардың келуі кезінде аурудың кез келген белгілері (жөтел, әлсіздік, жоғары температура және т. б.) байқалатын болса және жеке/өндірістік гигиена ережелерін сақтау қажеттігі және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау кезінде қызметкерлер арасында ден қою жоспары туралы нұсқама өткізу;

6) мейманханалық аймақтарда бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта дивандар, орындықтар орнату;

7) әрбір келуші/клиент шыққаннан кейін дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, бөлмелерді күрделі тазалау жұмыстарын жүргізу қамтамасыз етіледі.

15. Тамақ ішу арнайы бөлінген бөлмеде жүзеге асырылады. Тамақ ішетін бөлме болмаған жағдайда, дезинфекциялау құралдарының көмегімен күнделікті жинауды қамтамасыз ете отырып, қол жууға арналған раковинасы бар (ыстық және суық су келтірілген) осы мақсаттар үшін үй-жай бөлу көзделеді.

16. Нөмірлерде немесе асханаларда қонақтардың тамақтануын ұйымдастыру үстелдердің арасында кемінде 1 метр қашықтық және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, қонақтардың жиналуын болдырмайтын жағдайлар сақталған кезде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
13-қосымша

«Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына
10-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу кезеңінде мәдениет объектілеріне (жеке және 30 адамға дейін топтық репетициялар) қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1. Күшейтілген эпидемияға қарсы режимді қамтамасыз ету мақсатында мәдениет объектілерінде мыналар жүргізіледі:

1) қызметкерлер мен келушілердің кіреберісте дене температурасын бақылау, COVID-19 (құрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алудың қиындауы, енгігу және т. б.) жоққа шығармайтын симптомдардың болуын сұрау;

2) кіреберісте, холлдарда, дәліздерде әрбір 50–100 м сайын, лифтілерге кіреберісте, санитариялық тораптарда тері антисептигі бар санитайзерлерді орнату;

3) жүргізілген/алынған қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін барынша жағдай жасау (карталар, телефондағы қосымша);

4) клиенттер жиналатын «күту аймағын» алып тастай отырып, алдын ала жазылу бойынша жұмысты ұйымдастыру, келуші (клиент) мен қызметкер арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтауды барынша қамтамасыз ету, персоналдың клиенттермен тікелей байланысын барынша азайту.

2. Мыналар қамтамасыз етіледі:

1) іргелес аумақты тазалықта ұстау, қоқысты уақтылы шығаруды қамтамасыз ету, аптасына 1 рет «санитариялық» күні;

2) үй-жайларды жинауға және персоналдың қолын өңдеуге, тыныс алу органдарын жеке қорғану құралдарына арналған дезинфекциялайтын құралдардың төмендетілмейтін (кемінде бес күндік) қорын қамтамасыз ету;

3) санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау (температураны өлшеу, пер-



соналға нұсқау беру, жеке қорғану құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқаулық жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, майлықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкәммалды өңдеу, үй-жайларды жинау);

4) қызметкерлер арасында жеке/өндірістік гигиена ережелерін сақтау қажеттілігі туралы нұсқама өткізу және олардың мүлтіксіз сақталуын бақылау;

5) персоналдың жұмыс күні ішінде қолғаптарды, маскаларды/респираторларды уақтылы ауыстыру шартымен пайдалануы;

6) әрбір 2 сағат сайын барлық үй-жайларды желдету режимін қамтамасыз ету;

7) сеанстар арасында кейіннен 15 минутқа желдете отырып, залдарға дезинфекция жүргізуге кемінде 30 минут үзіліс (сүйеніштерді, есіктердің тұтқаларын, креслолардың шынтақ қойғыштарын сүрту);

8) әр залдағы сеанстар санын шектеу (3-тен көп емес), қашықтық бойынша белгіленген талаптарды сақтай отырып, көрермендерді залға жіберу (кресло арқылы отырызу және т. б.);

9) профилактикалық қарау жүргізе отырып, желдету жүйелері мен ауаны кондиционерлеу жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету (фильтрлерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды қоса алғанда);

10) өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды, есіктің тұтқаларын, сөндіргіштерді, тұтқаларды, сүйеніштерді, байланыс беттерін (жабдықтарды, мүкәммалды, үстелдерді, орындықтарды), жалпы пайдаланылатын орындарды (гардероб, тамақ ішетін, демалатын бөлмелер, санитариялық тораптар) міндетті түрде дезинфекциялай отырып, ауысымда кемінде 2 рет вируциалды әсер ететін құралдармен дезинфекциялай отырып, ылғалды жинау жүргізу.

4. Техникалық персонал (жинаушылар) дезинфекцияны жеке қорғану құралдарын (қолғап, медициналық маска) пайдалана отырып, арнайы киімде жүргізуі қажет.

Дезинфекциялау құралдарымен жұмыс істеуге денсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсетілімдері жоқ көмелетке толған адамдар жіберіледі.

5. Жинау мүкәммалын (шелектер, щеткалар, шүберектер) пайдаланғаннан кейін жақсылап жуады және арнайы бөлінген орындарда сақтайды.

6. Тамақ ішу арнайы бөлінген бөлмеде жүргізіледі. Тамақ ішетін бөлме болмаған жағдайда, дезинфекциялау құралдарының көмегімен күнделікті жинауды қамтамасыз ете отырып, қол жууға арналған раковинасы бар (ыстық және суық су келтірілген) осы мақсаттар үшін үй-жай бөлу көзделеді.

Кешенді экологиялық рұқсатты беру қағидалары және кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп объектілері үлгілерінің тізбесі

«Кешенді экологиялық рұқсаттар беру қағидаларын және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың орнына кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп объектілері үлгілерінің тізбесін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 37 бұйрығы (2021.11.01 өзгерістермен)

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 қаңтардағы № 37
бұйрығына 1-қосымша

Кешенді экологиялық рұқсатты беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кешенді экологиялық рұқсатты беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 30) тармақшасына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Кешенді экологиялық рұқсатты беру» (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) мемлекеттік қызмет көрсету және кешенді экологиялық рұқсатты беру тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қызмет жеке және (немесе) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) кешенді экологиялық рұқсат – табиғат пайдаланушының ең озық қолжетімді технологияларды (бұдан әрі – ОҚТ) енгізу және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін (бұдан әрі – ТҮН) сақтау шартымен қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру құқығын куәландыратын бірыңғай құжат;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе өтінішінсіз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе



материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

3) жеке кабинет – көрсетілетін қызметті алушының авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу үшін өтініш беруге арналған электрондық кабинеті;

4) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі

5. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы мынадай құжаттарды қоса бере отырып, кешенді экологиялық рұқсат алуға өтініш береді:

- эмиссиялар нормативтерінің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларының электрондық көшірмелерін (ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған жағдайда);
- ең озық қолжетімді технологияларды енгізу бағдарламасының электрондық көшірмесі;
- шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылар үшін міндетті экологиялық сақтандыру шарты түпнұсқасының электрондық көшірмесі.

Ең озық қолжетімді технологияларды енгізуді жоспарлайтын көрсетілетін қызметті алушы өтініш беруді қоршаған ортаға эмиссияларға арналған қолданыстағы рұқсаттың мерзімі аяқталғанға дейін не жаңа объектіні (жаңа қызметті) пайдалануға бергенге дейін төрт айдан кешіктірмей жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес «кешенді экологиялық рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында жазылған.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі өтініш келіп түскен күні қоса берілген құжаттармен бірге порталда тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарымен және эмиссиялар нормативтерімен бірге көзделіп отырған қызмет жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың рұқсаттары, қорытындылары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың толықтығына тексереді. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) қолданылу мерзімі

өткен құжаттар ұсынылған жағдайда, бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында қараудан бас тарту жіберіледі.

Құжаттар топтамасы толық болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген күннен бастап 2 (екі) ай ішінде осы Қағидалардың 6-тармағының талаптарына сәйкестігін қарайды. Осы мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кешенді экологиялық рұқсат немесе көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы болып табылады.

7. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректердің мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

8. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қатысты шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысына осы Қағидалардың 3-қосымшасының 7-тармағында көрсетілген мекен-жай бойынша жіберіледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы, портал арқылы немесе қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жұмыс күндері беріледі.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), пошталық мекен-жайы, байланыс телефоны көрсетіледі;



2) заңды тұлғаның – оның атауы, почтасының мекен-жайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қойылады.

Шағымның қабылданғанын растау – шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, шағымға жауап алу уақыты мен орны көрсетілген, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) тіркеу болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинеттен» көрсетілетін қызметті берушімен өтінімді өңдеу барысында (жеткізу белгісі, тіркеу, орындау, қарау туралы жауап немесе қарауға қабылдаудан бас тарту туралы) жаңартылатын өтінім туралы ақпарат қол жетімді.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің атына түскен шағымы Заңның 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес:

- мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті беруші оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;
- мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекен-жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы, тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу үшін.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

9. Көрсетілетін қызметті беруші шешімнің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Заңның 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету ерекшеліктерін ескеретін өзге де талаптар

10. Кешенді экологиялық рұқсат көрсетілетін қызметті алушымен қоршаған ортаға эмиссияларды төмендетуді және табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруды көздейтін ең озық қолжетімді технологияларды кезең-кезеңімен енгізуді жоспарлаған жағдайларда немесе өтінім берген сәтте бекітілген ТҮН сақталған кезде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың орнына беріледі.

11. Эмиссиялар нормативтерінің жобалары кешенді экологиялық рұқсаттың ажырамас бөлігі болып табылады.

12. Кешенді экологиялық рұқсатқа енгізілетін ең озық қолжетімді технологиялар «Ең озық қолжетімді технологиялар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 155 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 29 қаңтарда № 10166 болып тіркелген) ең озық қолжетімді технологиялар тізбесінің біреуіне немесе бірнешеуінің жиынтығына сәйкес келуі тиіс.

13. Тиісті ТҮН мен табиғат пайдалану шарттары ағымдағы жағдайға (өтінім беру сәтіне) және ең озық қолжетімді технологияларға көшуді аяқтау сәтіне арналған кешенді экологиялық рұқсатта көрсетіледі.

14. Егер Қазақстан Республикасында кешенді экологиялық рұқсат алуға өтінім берген кезде көрсетілетін қызметті алушы жүзеге асыратын өндірістік процестің түрі бойынша эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері бекітілген жағдайда, кешенді экологиялық рұқсатта оларға қол жеткізу жөніндегі шарттар белгіленеді.

15. Кешенді экологиялық рұқсаттың қолданылу кезеңінде көрсетілетін қызметті алушы тиісті мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындыларын бұрын ұсынылған қолданылу мерзімі өткен жағдайда немесе жобалау құжаттамасы түзетілген жағдайда көрсетілетін қызметті берушіге уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

Кешенді экологиялық рұқсатты
беру қағидаларына
2-қосымша

«Кешенді экологиялық рұқсатты беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері.
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	«Электрондық үкіметтің» www. egov. kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті беруші өтінімді тіркеген сәттен бастап: ұсынылған құжаттардың толықтығын қарау 2 (екі) жұмыс күні ішінде; кешенді экологиялық рұқсатты өтініш тіркелген күннен бастап 2 (екі) ай ішінде беру.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі	Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша кешенді экологиялық рұқсат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны- электрондық.
6	Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны жинау тәсілдері	Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға ақысыз көрсетіледі.



7	Жұмыс кестесі	Портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) талаптарына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Көрсетілетін қызметті беруші – Кодекстің талаптарына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайы: 1) Қызымет берушінің интернет-ресурсында; 2) www. egov. kz порталында орналастырылған.
8	Көрсетілетін қызметті алушыға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі	1) кешенді экологиялық рұқсат алуға өтінім; 2) эмиссиялар нормативтерінің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларының электрондық көшірмелерін (ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған жағдайда); 3) ең озық қолжетімді технологияларды енгізу бағдарламасының электрондық көшірмесі; 4) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылар үшін міндетті экологиялық сақтандыру шарты түпнұсқасының электрондық көшірмесі.
9	Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздемесі мыналар болып табылады	1) Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы мәліметтердің (ақпараттың) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 қаңтардағы
№ 37 бұйрығымен бекітілген

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың орнына кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп объектілері үлгілерінің тізбесі

1. Энергетика саласының өнеркәсіптік объектілері:

- 1) 50 мегаватттан (бұдан әрі – МВт) астам жылу қуатын номиналды тұтынатын қоқыс жағу қондырғылары;
- 2) мұнай және газ өңдеу зауыттары;
- 3) кокс пештері;
- 4) көмірді газдауға және газды сұйылтуға арналған қондырғылар;

5) қуаты 50 МВт жоғары жылу электр станциялары және қуаты сағатына 200 гигакал-лорийден жоғары жылу энергиясын шығаратын энергетикалық отынды жағу жөніндегі қазандық қондырғылар.

2. Металдарды өндіру және өңдеу жөніндегі өнеркәсіп объектілері:

- 1) металл рудаларын (сульфитті руданы қоса) күйдіруге және пісіруге арналған қондырғылар;
